




# ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Теориялық дебаттардан нақты  
зерттеулерге дейін





Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Теориялық дебаттардан нақты зерттеулерге дейін  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

**Мақсаты:** «Тарихи антропология» оқу құралында қарастырылатын мәселелердің бірі теориялық пікірталастардан нақты зерттеулерге көшу ережелері. Осы дәрісте нақты ғылыми зерттеулердің қалыптасуы мен барысын қарастырамыз.

## Негізгі идеялары:

### 1. Тарихи антропологиялық зерттеулер орталықтары

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологиясы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Тарихи антропология ғылымының зерттеу орталықтары Франция жерінде пайда бола салысымен, ол басқа елдерде де, мысалы, Германияда да тарады, мысалы мұндай орталық Геттингендегі Макс Планк атындағы Қоғам тарихы институты болды. Ресейде микротарих жақтастары Жалпы тарих институтында (Мәскеу) жеке өмір тарихын оқып-үйрену тобына жетекшілік ететін Ю.Л.Бессмертный мен оның редакциясымен басылатын “Казус” альманағының маңайына топтасты (микротарихтың немісше және орысша нұсқасы туралы алда айтылады).

Пәнаралық алыс-берістің әртүрлі түрлері туралы айтуға болатын тәрізді. Неғұрлым қарапайым және кең таралғаны - сол аймаққа және нақты тақырыпқа қатысты этнографиялық материалды пайдалану. Мысалы, Англия мен Франциядағы шаривари рәсімін зерттеген кезде Э.П.Томпсон мен Н.З.Дэвис немесе жоғарыда талданған кітаптарда зәбір көрсету «жүйесін» қалпына келтіру барысында П.Берк осылай істеген. Алыс-берістің келесі бір кең тараған түрі - зерттеліп отырған құбылысты (сиқыр, дуагерлік, қандай да бір салт-жора, т.б.) түсіндіру барысында, зерттеліп отырған мәдениеттен айтарлықтай алшақ мәдениетті сипаттайтын этнологтардың еңбектерінде келтірілген материалдарды салыстыру үшін қолдану. Мұндай тәсіл де жемісті бола алады, бірақ оның түйткілді жағы да аз емес: оған Э.П.Томпсон сонау 1972 жылы әріптестерінің назарын аударған. Н.З.Дэвис оны былайша қайталайды: «Біз антропологтардың еңбегін кеңес үшін емес, ұсыныс үшін қараймыз... Тарихи қайнарлары бар көлемді еңбектерді ештеңе алмастыра алмайды. Жаңа Гвинеядағы немесе Замбиядағы салт-жора, айталық, XVI ғасырдағы Еуропадағы салт-жораның мән-мағынасын анықтау үшін қолдануға жарамайды; деректер дәуір институттары мен адамдарға байланысты келтірілуі тиіс.

Алыс-берістің үшінші түрі, яғни тарихшылардың антропологтар еңбектерінен жекелеген көзқарастар мен шешімдерді емес, олардың тұжырымдарын тұтастай алуы әлдеқайда тәуекелге толы. Бұл жағдайда тарихшыға эклектика қаупі төнеді, бұған Н.З.Дэвис те назар аударған: зерттеушілердің өздеріне кәсіби қарсылас болып келетін антропологтардың көзқарастарын қатарынан мысалға келтіру де аз кездеспейді.

Анықтамаға келсек, Фридрих Ницшенің тұтас үдерісті білдіретін ұғымдарға анықтама берудің қиындығын атап көрсеткен көпшілікке мәлім ойын еске алған абзал: «тарихтан жұрдай нәрсеге ғана анықтама беруге болады» дейді ол. Бұл сөздер бірнеше онжылдықтар бойы айтарлықтай эволюцияға түсіп, пішіні мен кейпін аз өзгертпеген тарихи антропологияға толығымен сәйкес келеді. Сол себепті бұл дәрістер курсына мен әлдебір априорлық анықтамалар мен жалпы сипаттамалардан бас тартып, шағын кітапша аясында, оқырманға тарихи антропологияның жарты ғасырға жуық уақыт ішінде әр мемлекеттегі дамуына мүмкіндігінше нақты шолу ұсынуды ұйғардым. Мұндай ағартушылық міндет, меніңше, оқу құралы аясында әбден орынды болатын сияқты.

1970 жылдардан бастап «тарихи антропология» деген атау бекіген бағыттың қалыптасуына ықпал еткен әлеуметтік ғылым өкілдерінің тұжырымдамалық еңбектері сипатталғаннан кейін, тарихшылар басқа сала ғалымдарының, бірінші кезекте антропологтардың еңбегінен нені және қалай алып пайдаланады деген сұрақты талқылаған жөн.

XX ғасырдың соңына қарай италян микротарихының әртектілігі сырткөздерге де анық байқалды: 1999 жылы Америка зерттеушісі Брэд Грегори эпизодтық (episodic) және жүйелік (systematic) тарихтың аражігін ажыратуды ұсынды. Мұның мысалы ретінде ол бірінші - “Сыр и черви”-ді, екінші - Дж.Левидің “Нематериальное наследствосын” атады. Эпизодтық микротарих деп Б.Грегори “нақты бір кездесудің немесе елеусіз болып көрінетін “эпизодтық” ыждаһатты талдауын түсінеді және анағұрлым дәстүрлі тарихи тәсілдердің көмегімен, қоғам тарихы мен мәдениетіндегі ашуға келмейтін аспектілерін ашып көрсетуді мақсат етеді. Осылайша, К.Гинзбург және “эпизодтық микротарихтың басқа практиктері” (Б.Грегори айтуы бойынша) Жаңа дәуір басындағы Еуропадағы элитарлық және халықтық мәдениет арасындағы қарым-қатынастарды зерттеу үшін инквизиция құжаттарын пайдаланды.



Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Теориялық дебаттардан нақты зерттеулерге дейін  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Жүйелі тарихи антропологиялық зерттеулерге келсек, америкалық ғалымның айтуынша, бұл - “әлеуметтік тарихпен айналысудың жаңа тәсілі”. Бұл тәсіл, мысалы, нотариалдық актілер, шіркеу кітаптары және өсиетхаттар сияқты бай архив дереккөздеріне негізделген, әрекет орны қажеттілігіне қарай географиялық тұрғыда шектеулі жеке және отбасылық өзара байланыстарды егжей-тегжейлі қайтадан қалпына келтіруді көздейді.

### Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

### Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитоновна. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodology. Chicago, 1965.